

## *Арманымға бір қадам*

Мен филология мамандығында оқып жүрген 3-курс студентімін. Лекция мен семинар сабақтарына үйренген шәкіртпін. 2-ші курстан бастап «жоба», «жобалық оқыту» деген ұғымдар менің «классикалық» студенттік өміріме ене бастады. «Бұл не? Қажеті не? Маған ол не береді, жақсы маман болуыма пайдасы қандай болады?» деген сан-алуан сұрақтар мазалай бастады.

2018 жылдың қаңтары... Менің қысқы сессиядан кейін сабаққа қосылған сәтім... Жобаға қатысатын ойым да болмаған... Алайда, мен қате пікірде болыпмын! Себебі, менің университетім жаңашылдықты жанына жақын көретін оқу орындарының бірі. Оның бірден-бір дәлелі, жобалық оқыту. Жобалық оқыту – студенттің тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізетін шеберхана екен. Жобалық оқытудың ерекшелігі, дәстүрлі оқу жүйесінен алшақтап, студентті ізденуге, еңбектенуге, терең ойлауға ғана жетелеп қоймай, жан-жақты көзін ашып, ғылыми-шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді. Университет ректоры Темірхан Байбосынұлы Бердімұратовтың қолдауымен, Гуманитарлық пәндер кафедрасының студенттері үшін «ЖОО-ның имидждік журналын дайындау авторлық құзіретті қалыптастыру мен кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту ретінде» деген жоба профессор А.Қ.Мырзашованың жетекшілігімен 31-ші қаңтарда өз жұмысын бастады. Жобаның негізгі мақсаты – жас филологтарды авторлыққа дайындау. Мәтін авторы болу, мәтінді дайындау – өте күрделі де нәзік процесс екен. Оларды біз тренингтер арқылы меңгерудеміз. Көп нәрсе таң қалдырады, көзімді ашады – мәтіннің бөлшектерін, қыр-сырын өзге салалар тұрғысынан қарастыруымыз әсерлі де, тиімді болды. Мысалы, экономика, сәулет, кулинария сияқты салалардың нысандары аналогиялық салыстыру моделі ретінде алынып, мәтінді жаңаша тұрғыдан ашуға көмектесті.

Алғаш жобаға келгенде, жоба жетекшісі мақсаты мен міндетін, студентке берер пайдасын түсіндіре отырып, жобаға деген қызығушылығымды оятты. Міне, осы сәтте мен «осы жоба және жоба жетекшісі арқылы болашақта мәтін құрудағы шеберлікті меңгеріп, білікті маман иесі боларым сөзсіз» деп, іштей түйін жасадым.

Менің бала кезімдегі арманым – журналист болу еді. Жобалық оқу жүйесі болса, бала күнгі арманымның алғашқы баспалдағын бүгін аттауға мүмкіндік берді. Университетім арманымға қол жеткізетін ғажайып мекенге айналды. Асыға келетін шығармашылық ортамыз бар – ол біздің жобалық командамыз. Өзімнің болашағыма деген маңызды қадамдарды жасадым!

*Филология мамандығының 3-курс студенті*

*Нұрмұқанова Гүлназ*